

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 246 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 4 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 1 ақпанда № 3510 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 120 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 21.04.2017 № 120 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5), 5-6) тармақтарына сәйкес Қарғалы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 246 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 20 қыркүйекте № 3-6-126 болып тіркелген, "Қарғалы" газетінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 55 жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Кәсіпорындар мен ұйымдарға меншік түріне қарамастан қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына 1% көлемінде квота белгіленсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І.Д.Тынымгереевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК